



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

«Қазинвестбанк» АҚ-тың және «Дельта Банк» АҚ-тың жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашуға арналған лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру туралы

2016 жылғы 7 қараша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 245 және № 246 қаулыларымен Ұлттық Банк 2016 жылғы 1 қарашадан бастап «Қазинвестбанк» АҚ-тың және «Дельта Банк» АҚ-тың жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашуға арналған лицензияларының қолданылуын 3 ай мерзімге тоқтата тұрды.

Ұлттық Банк лицензияларды тоқтата тұру туралы шешімді жоғарыда көрсетілген банктердің банк заңнамасының талаптарын жекелеген бұзуына қадағалап ден қоюы және ішкі бақылау жүйелерін жақсарту қажеттілігі шеңберінде қабылдады. Лицензиялар жеке тұлғалардың жаңа депозиттерін тартуға және жаңа банк шоттарын ашуға тоқтатыла тұрды және банктердің қолданыстағы депозиттеріне және қазіргі клиенттеріне қызмет көрсетуге, сондай-ақ заңды тұлғалардың депозиттерін тартуға қатысты қолданылмайды.

2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша «Қазинвестбанк» АҚ-тың жеке тұлғалардың қабылдаған депозиттерінің көлемі 16,4 млрд. теңге немесе жеке тұлғалардың депозиттерінің жиынтық көлемінен 0,2% және «Дельта Банк» АҚ-тікі 11,5 млрд. теңге (0,2%) болды.

Қосымша ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz